

6D010300—«Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Ешенкулова Динара Бауыржановнаның «**Жоғары сыйнып оқушыларының өздік оқу іс-әрекетін басқаруға болашақ мұғалімдердің даярлығын қалыптастыру**» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуіне ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Қазіргі уақытта республикада «Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасының және Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған Тұжырымдамасының жүзеге асырылуы жағдайында өскелен үрпақты шығармашыл тұлға тұрғысынан қалыптастыруды олардың өздік оқу іс-әрекетін тиімді ұйымдастырудың қажеттілігі артады. Оның үстіне зерттеу нысанына жоғары сыйнып оқушыларының алынуы өте өзекті, өйткені қоғамдық өмірде болып жатқан өзгерістер жасөспірімдерде өз бетінше ойлау, білім алу және қолдану, шешім қабылдау және іс-әрекеттерді нақты жоспарлау, құрамы мен бейіні бойынша әр түрлі топтарда тиімді ынтымақтасу, өзара әрекеттесу, жаңа байланыстар үшін ашық болу қабілетін қалыптастыруды талап етеді. Ал бұл болса жоғары сыйнып оқушыларының өздік оқу іс-әрекетін нәтижелі орындауға жетекшілік ететін бүгінгі болашақ мұғалімнің аталған іс-әрекетті басқаруға даярлығын қалыптастыруды көкейкестендіреді. Осы тұрғыдан докторант Ешенкулова Динара Бауыржановнаның зерттеу тақырыбы қоғамның талабынан туындалп отырған мәселеге арналған.

Д.Ешенкулова зерттеу барысында бірқатар ғылыми нәтижелерге қол жеткізген.

1. Жоғары сыйнып оқушыларының өздік оқу іс-әрекетін басқаруға болашақ мұғалімдердің даярлығын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтаған. «Оқушылардың өздік оқу іс-әрекеті», «оқушылардың өздік оқу іс-әрекетін басқару» ұғымдарының мәні мен құрылымын, мазмұнын нақтылаған.

2. Жоғары сыйнып оқушыларының өздік оқу іс-әрекетін басқаруға болашақ мұғалімдердің даярлығын қалыптастырудың ерекшеліктерін ашуы негізінде оның мәнін анықтаған.

3. Жоғары сыйнып оқушыларының өздік оқу іс-әрекетін басқаруға болашақ мұғалімдердің даярлығын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттарын айқындалп, құрылымдық-функционалдық моделін жасаған. Жоғары сыйнып оқушыларының өздік оқу іс-әрекетін басқаруға болашақ мұғалімдердің даярлығы қалыптасуының өлшемдері мен көрсеткіштерін, деңгейлерін анықтаған.

4. Жоғары сыйнып оқушыларының өздік оқу іс-әрекетін басқаруға болашақ мұғалімдердің даярлығын қалыптастырудың үш сатыдан тұратын әдістемесін жасаған және оның тиімділігін эксперимент жүзінде тексерген, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берген.

Зерттеудің практикалық құндылығы автордың әлективті курс бағдарламасының, цифрлық сауаттылық клуб бағдарламасының психотренингтік бағдарламасының мазмұнын жасап, практикаға ендіруімен айқындалады. Нәтижесінде алынған мәліметтерді жалпы білім беретін мектептерде, педагогикалық колледждерде, жоғары оку орындары тәжірибелерінде пайдалануға болады.

Диссертацияның мазмұны, құрылымы, ғылыми аппараты логикалық байланыста тақырыпқа сәйкес құрылған. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш тараудан, тоғыз параграфтан, пайданылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Зерттеудің мазмұны мен нәтижелері мақсат пен міндеттердің толық жүзеге асырылғанын көрсетеді.

Докторанттың қолы жеткен нәтижелері мен қорытындыларының негізділігі мен дәлелділігі оның ғылыми болжамының теориялық-әдіснамалық тұрғыда негізделуімен, зерттеудің эксперименттік дәлелденуімен қамтамасыздандырылады. Зерттеу қорытындылары ғылыми тұрғыдан тұжырымдалады.

Д.Ешенкулованың диссертациялық зерттеуінің негізгі мазмұны халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференциялар мен бірқатар ғылыми басылымдарда жарық көрген 9 еңбегінде қамтылады.

Ізденушінің диссертациялық жұмысы түсінікті ғылыми тілде жазылған, ғылыми жаңалығы мен практикалық нәтижелерге ие, толық аяқталған зерттеу.

Динара Бауыржановна зерттеу барысында жұмысын орындау барысында жоғары сынып оқушыларының өздік оку-іс-әрекетін басқаруға болашақ мұғалімдердің даярлығын қалыптастыру бойынша проблемасының теориясы мен әдіснамасын, әдістемесін жетік меңгергендігін көрсетті және белсенділік танытты, білімділігімен, біліктілігімен, зерттеушілік мәдениетімен және адами тұлғалық қасиеттерімен ерекшеленді.

Ешенкулова Динара Бауыржановнаның «Жоғары сынып оқушыларының өздік оку іс-әрекетін басқаруға болашақ мұғалімдердің даярлығын қалыптастыру» тақырыбында жазылған диссертациясы дербестігі айқындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар еңбек, диссертациялық жұмысты «6D010300 –Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы /PhD/ дәрежесін алу үшін көпшілік алдында қорғауға ұсынуға болады.

**Ғылыми кеңесшісі,
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор**

